

YAPKEP

Орда Г.

Қазақ үшін қабырғасы сыздаған

Болашағынан мол үміт күттірген Мұхтар Әуезовтің сүйікті шәкірттерінің бірі Мүсілім Базарбаевтың өзі де бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнады. Бұл мақаланы отызында орда бұзған, көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері филология ғылымдарының докторы, профессор Мүсілім Базарбайұлы Базарбаев ағамыздың ғибратты ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болар деген мақсатта ұсынып отырмыз.

Мүсілім Базарбаев 1927 жылы 15 мамырда қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы Кекірелі деген жерде туған. 1948 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті тарих-филология факультетінің журналистика бөлімін бітіргеннен кейін, жаңадан шаңырақ көтерген Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтына аспирантураға қабылданды.

1951 жылы аспирантураны аяқтаған соң талапты жас институтқа қызметке қалдырылып, кіші ғылыми қызметкер жұмысын атқарды. 1952-1956 жж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде әдебиет және өнер жөнінен инструктор қызметін атқарды. 1955-1956 жж. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқып, 1956-1961 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл мен әдебиет институты директорының орынбасары қызметін атқаруда көзге түскен жас маман 1961-1971 жж. жаңадан құрылған Әдебиет және өнер институтының директоры қызметін атқарды. 1971-1976 жж. Қазақ ССР Мәдениет министрі, 1976-1981 жж. Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарды. 1981-1986 жж. Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, 1986-1988 жж. осы институттың Қазақстандағы орыс әдебиеті мен Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімдерінің жетекші ғылыми қызметкері, 1988-1995 жж. қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі ретінде ұлт әдебиетінің зерттелуіне үздіксіз үлес қосып, тәуелсіз Қазақстанның кеңестік дәуір әдебиетін жаңаша бағалаудың жобасын жасап, соның негізінде жасалған ұжымдық зерттеулерге басшылық етті.

М.Базарбаевтың негізгі мамандығы әдебиетші, сыншы болғандықтан ол жөніндегі әңгіме бөлек болмақ. Дегенмен оның ұлттық әдебиеттану ғылымына «Әдебиеттік мұраны зерттеу туралы» (1959), «Образ человека труда в казахской поэзии» (1961), «Живые традиции» (1962), «Интернациональное единство и национальное своеобразие литератур народов Средней Азии и Казахстана» (авторлармен бірге, 1962), «Қаһарлы күндер әдебиеті» (1968, Ә.Нарымбетовпен бірге), «Әдебиет және дәуір» (1966), «Национальные традиции и новаторство в казахской поэзии» (1973), «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1973), «Эстетическое богатство нашей литературы» (1976), «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиеті» (авторлармен бірге, 1984), «Советтік шығыс халықтары әдебиетінің шетелдік «сарапшыларына сын» (1984), «Ерлік пен еңбек дастаны» (Ә.Нарымбетовпен бірге, 1984), «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), «Казахская поэзия: художественные искания» (к традициям Абая) (1995), «Замана тудырған әдебиет» (1997) сынды еңбектерімен сүбелі үлес қосқандығын еске салған артық болмас.

Бұл мақалада оның жастық шағынан бірер мысал келтіріп, қоғамдық қызметтерін сөз етпекпіз. Ғалымның жазу-сызуға құмарлығы мектепте оқып жүрген шағынан басталады. Соғысқа дейін 5-6-сыныптарда оқып жүргенде Қазақстанның астанасы Алматыдан шығатын «Октябрь балалары» (кейінгі «Пионер») газетінде бірнеше мақаласы шығады: «Біздің ауылда монша салынды», «Қызыл бұрышта» (мектептің), «Көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді» деген секілді. Екі-үш мақаласы шығып, жазу-сызуға деген құштарлығы артқан жас талапкер ендігі жерде жастардың республикалық газеті «Лениншіл жасқа» мақала жібереді. Осы жөнінде ғалымның жеке мұрағатында сақталған

«Лениншіл жас» газетінің Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бірқазан ауылындағы «Қызыл-Егінші» бастауыш мектебінің оқушысы М.Базарбаевқа жіберген хаттарынан да біраз сырды аңғаруға болады. 1941 жылдың 17-сәуірінде мектеп бөлімінің бастығы Бұрышбаев жіберген хатта:

«Базарбаев жолдас!

«Мектебіміздегі отличниктер» деген хабарыңыз кешігіп алынғандықтан газетке басылмады. Бұдан былай да жазып тұрыңыз» десе, осы жылдың 9 мамырында әдебиет бөлімінің меңгерушісі Қ.Сүлейменов:

«Базарбаев жолдас!

Сіздің хабарыңыз басылмады, өйткені, сіз тым асыра мақтағансыз. Бұл пьесаны астанадағы академия театрының өзі де жеткізіп ойнай алған жоқ. Сіздің сөзіңіз артық кеткен» деген хат жіберген. Республикалық газет редакциясынан мектеп оқушысына жіберген осы жауап хаттардың өзі оның авторының болашағынан үлкен үміт күттірген еді.

Шалғай ауылда жүрген мектеп оқушысына Қазақстанның астанасы Алматыдағы республикалық газеттен келген хаттар жөнінде мұрағатта сақталған «Алғашқы қалам» деген мақаласында автор былай дейді: «1940-41 жылдары «Октябрь балаларына» бір-екі хабарым жарияланып, дәндеп алғанмын. Енді «Лениншіл жасқа» жаза бастадым. Бір жазамын, екі жазамын, хабарым басылмайды. Ақырында мектептің драмалық үйірмесінде Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы қойылғанын жазып жібергенмін. Бұған мөр басылған мынадай жауап алдым: «Сіз мектеп үйірмесінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы қойылғанын асыра мақтайсыз. Республикалық академиялық театр да ол пьесаны дұрыс қоя алмағанда, мектеп үйірмесі қалай жақсы етіп қоя алады? Хабарыңыз осы себептен басылмайды. Бөлім меңгерушісі Қ.Сүлейменов». Бала кездегі оқу-білімге деген осындай үлкен құмарлық оны астанадағы білім ордасы Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетіне алып келеді. Университетке түсу емтиханын тапсыруға кірсе, баяғы өзіне хат жазатын Қазыбек Сүлейменов оны фамилиясынан тани кетеді де, талапкерді жылы шыраймен қабылдайды. Осы факультетті 1948 жылы екінші болып бітірген бітірушілердің бәрі жолдамамен еліміздің түкпір-түкпіріне тарай бастағанда М.Базарбаев республикалық жастар газеті «Лениншіл жаста» қалады. Себебі, ол бұл жерде студент кезінен бастап қызмет ете бастаған болатын. Еңбек жолын бастаған киелі шаңырағы жөнінде кейіндері: «Қазір қазақ журналистикасының дәстүрі толық орнығып бекіді. Талантты қалам шеберлері бар. Солардың көбі «Лениншіл жастан» тәрбиеленіп шықты. Бұл газет, мәселен, бір «кіші университет» есебінде талай жас талапкерлерді даярлады. Оның алғашқы дәуірі жиырмамыншы жылдарға дейін кететінін айтпасақ та жалпыға мәлім», – дейді. Кіші университет саналған бұл орда болашақ ғалымның көп ізденуіне, қаламының ұшталуына, не нәрсені де зерттей білуге төселуіне көп септігін тигізді. Оны жас журналистің алғашқы мақалаларынан да көруге болады. Ол әдеби-сын мақалаларымен 1948 жылдан көріне бастады. Әр алуан тақырыпта әдебиет пен өнер туындыларына бағамдар жасады.

Еңбек жолын журналист болудан бастаған болашақ ғалымның қаламы төселуіне жастардың «Лениншіл жас» газетінің де ықпалы болды. Осы жылдар болашақ ғалымның қаламын ұштай түскені рас. Аталған газетке еңбек озаттары және мәдениет, өнер жөніндегі әртүрлі мақалаларды жиі жариялады. Олардың біразын М.Базаров деген бүркеншек атпен берсе, енді біршама бас мақалалардың авторын көрсетпей жариялап отырды. Ол әдеби-сын мақалаларымен 1948 жылдан көріне бастайды. Әр алуан тақырыпта әдебиет пен өнер туындыларына рецензиялар жазады. Б.Бұлқышевтың «Заман біздікі» атты шығармалар жинағына жазған рецензиясы мен «Абай – великий казахский поэт», «Оның есімі ерлікке күреске шақырады», «Ұлы революцияшыл демократ А.И.Герцен», «Украин халқының революционер ақыны», «А.П.Чехов», «А.С.Грибоедов», «Орыстың ұлы демократы», «А.Н.Радищев» және М.Е.Салтыков-Щедрин, А.Токмағамбетов, С.Торайғыров, А.П.Чехов, А.С.Грибоедов, А.И.Герценнің өмірі мен шығармашылығы

жөніндегі мақалаларында ол өзінің ізденімпаздығы мен көркем шығарма табиғатын түсіне білетін талант екенін көрсетті.

«Жамбылдың ақындық шеберлігі», Абай туралы: «Гордость казахского народа», «Казахский поэт – просветитель» атты С.Торайғыров, Б.Бұлқышев, Ж.Жабаев, А.Құнанбаев туралы мақалаларынан жас талаптың шығарма табиғатына терең бойлауы байқалды. 1954 жылы А.Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуын атап өтетін кезде М.Базарбаев «Советская Культура» газетіне «Абай – великий поэт-реалист» атты мақаласын жариялады. Осы мақаланың қолжазбасын алғандығын айтып, редакция алқасы атынан өнертану бөлімі редакторының орынбасары Н.Толченова М.Базарбаевқа жауап хат жазған. Ғалымның жеке мұрағатында сақталған осындай хаттардан оның сонау елуінші жылдардан бастап Одақ көлемінде таныла бастағанын аңғаруға болады.

Өзінің ізденімпаздығымен ерекше көзге түскен жас журналистің 1953 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақ әдебиетінің оқулығын жазу туралы», «Қазақ әдебиетінің тарихынан сапалы оқулық жазу керектігі жөнінде» атты мақалалары әдебиетші қауым арасынан қолдау тауып, оқулық жазу науқаны басталып та кетті. 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы президумы мәжілісінің қаулысы бойынша белгілі ғалымдар М.Әуезов, С.Мұқановтардың басшылығымен М.Базарбаев (Е.Лизунова, А.Нұрқатов, Х.Сайкиев, С.Сейітовтармен бірге) оқу құралын жазатын авторлардың құрамына енді. Оқулық жазуға араласқан жас әдебиетшілердің ішінен М.Базарбаевтың (авторлармен бірге) алғашқылардың бірі болып жазған 10-класқа арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы 1954 жылы жарық көрді. Бұл оқулықтың талап-тілекке сай жазылғандығын 1986 жылға дейін 11 рет қайта басылғанынан да көруге болады.

Толықтырылып, түзетілген осы оқулық 1989 жылы 11 класқа арналып қайта жазылды да, 1994 жылға дейін басылып отырды. Олай болса, өткен ғасырдың екінші жартысында мектеп қабырғасында білім алғандардың барлығы да оның шәкірттері болып саналмақ. М.Базарбаев мемлекет қайраткері ретінде де үлкен қызметтер атқарды. Мәдениет министрі болған жылдары КСРО құрамына енген елдердің мәдениет министрлерінің атынан шет елдерде өткен халықаралық конференциялар мен конгрестердің ұйымдастырушысы және тұрақты баяндамашысы болды. КСРО Мәдениет министрі Екатерина Фурцеваның Қазақстан Республикасының Мәдениет министріне тегіннен тегін көңілі түспегені белгілі. Қазан төңкерісіне дейін «жабайы, көшпелі» халық саналған қазақ елінің Мәдениет министрінің кеңестер Одағының алдына оқ бойы озық шығуының да басты сыры М.Базарбаевтың кең эрудициясына келіп тіреледі. Себебі қазақ және кеңес елінің әдебиеті мен мәдениеті жөнінде жасаған баяндамаларының да көтерген жүгі ауыр еді. «Қазіргі заман және өнер» (1972), «Қоғамдық даму және өнер» (1973), «Әдебиет пен өнердің қоғамдық функциясы» (1974), «Өнердің ұлттық және интернациональдық мазмұны» (1975), «Советтік мәдениет және оның шетелдік «сыншылары»» (1976) атты баяндамаларында мәдениет пен өнердің шешімін күткен өзекті мәселелерін көтере білді. Сол тұстарда өткен әлемдік симпозиумдарда Кеңес одағы атынан Швеция (1966), ФРГ (1972), Индонезия (1973), Чехословакия (1973), Дания (1975), Конго (1980) елдерінде сөз сөйлеп, Кеңестер Одағының мәдениеті мен өнерін әлемге паш еткен де М.Базарбаев. Мәдениет министрінің келесі бір жетістігі – жас кадрларды тәрбиелеуге қосқан үлесі. Оған Қазақстан Мәдениет министрлігінің жанынан республикадағы 27 театрды басқаратын театр мен репертуарлық коллегия бөлімдерін ашуы нақты мысал бола алады. Жаңадан ашылған театр бөліміне баспасөзде танылып жүрген, өзіндік айтары бар Әшірбек Сығайды шақырып алып басшы етіп тағайындаса, ол бүгінгі таңда білікті театр сыншысы ретінде республика мен алыс-жақын шетелдерге таныс маман.

1970 жылдың 17 қыркүйегінде Қазақстан Орталық Компартиясы Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында болғандығын растайтын құжатта Мүсілім Базарбаевтың Алматы қаласынан драма театр, кітапхана, өнер қайраткерлеріне пәтер және Гурьев, Өскемен, Петропавл сынды облыс орталықтарында жаңа театрлар салу мәселесімен барғаны жазылған. Бұл ұсынысқа бірінші хатшы қолдау көрсетіп, сол сәттен-

ақ белгілі адамдарға тапсырған. Осындай мәліметтерге қарап отырып, оның қазақ халқының жарқын болашағы үшін жанын аямай еңбек еткенін аңғаруға болады. Бірінші хатшының қабылдауынан шыққан соң, келесі күні-ақ Артем Мисанович Вартанян екеуі аталған ғимараттарды салатын жерді көруге барған. Сол, Құрманғазы көшесіндегі үйге, 1972 жылы Мәдениет министрі қаншама өнер иелеріне пәтер кілтін табыс етті. Чапаев (қазіргі Манас) көшесіндегі жатақханада бүгінге дейін жас өнерпаздар тұрып келеді. Осылайша өнер қайраткерлеріне тұрғын үй, жатақхана салуды да мәдениет министрі басшылыққа алып, қадағалап отырған.

Осы тұста атқарылған дүниелерден көзге түсетіні – Қазақстанның астанасы Алматының төрінен сәулетті ғимараттар салу еді. Алматы қаласының орталық көшесі Достық пен Абай даңғылының қиылысындағы архитектурасы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған Республика сарайы мен 600 орындық «Арман» кинотеатры, Абай даңғылындағы 800 орындық Лермонтов атындағы Орыс драма театры, М.Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театры, Пушкин атындағы (қазіргі Ұлттық) кітапхана, 4500 орындық Спорт сарайы (қазіргі Балуан Шолақ атындағы), Қазақ Циркі мен Актерлер үйі және мәдениет қызметкерлерінің Білімін жетілдіру институты, Көркем галерея, Шығармашылық үйі, Достық үйі сынды толып жатқан сәулетті ғимараттар да мәдениет министрінің сұранысы бойынша салынған еді.

Сол тұстағы Мәдениет министрінің ерекше көңіл бөлген мәселесінің бірі – өнер иелерінің әлеуметтік жағдайы. Бұл кез-келген адамның бірінші және негізгі қажеттілігі болса, өнер иелеріне жасалған бұл қамқорлық – қазақ мәдениетінің болашағына жасалған жанашырлық еді. Оның қойын дәптеріндегі жазбаларынан пәтер беру керек, пәтерін кеңейту керек деген тізімнің ішінен Қ.Байсейітов, В.Пусурманов, З.Шәріпова, т.б. сынды белгілі өнер қайраткерлерінің есімі кездеседі.

Осы жылдары Мүсілім Базарбаевтың басшылығымен біршама мәдени шаралар жүзеге асты. Оның аса көңіл бөлген мәселесінің бірі – айтыс өнерінің қайта жандануы. 1980 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрының залында М.Базарбаевтың ұйымдастыруымен өткен республикалық айтыс күні бүгінге дейін өз жалғасын табуда. 1982 жылы Алматы облысының ақындары Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есікте осы бастаманы жалғастырса, 1984 жылы Қазақ телевизиясы бұл істі қолына алып, жаңаша әр бергенін, кейін оның Талдықорған, Қызылорда, Шымкент, Алматы сынды оңтүстік облыстарда жалғас тапқанын баса айтқан жөн. Олай болса, М.Базарбаев атадан-балаға мирас болған суырып салма өнердің кеңестік дәуір тұсында қайта жандануына бірден-бір себепкер болған үлкен мәдениет қайраткері.

Мүсілім Базарбаевтың өр тұлғасын аша түсер деректердің бірі – замандастарының естеліктері мен ақындардың жыр-шашулары. Жұбан Молдағалиев бастаған талай қазақ ақындары Мүсілім есімін мәңгілік жадымызда сақтау тұрғысында сан-алуан мазмұндағы жыр жолдарын арнады. Олардың бір парасы қазақ халқы үшін атқарған ерен еңбегін тілге тиек етті.

Қазақтың маңдайына біткен ғалым,
Барыңды елге беріп, түк те алмадың.
Шықты көп абыройың аспанға да,
Мықты боп жүрегіңмен мақтанбадың...

Сыйлаған туған елге еңбегің көп,
Жанды ғой маңдай терге өнген еңбек.

Министр болсаң-дағы талай заман,

Менменсіп жүргенінді көргенім жоқ, деп Тұманбай Молдағалиев айтқандай, ол қазақ халқы үшін ештеңеден аянбаған және ол үшін ешкімнен ештеңе сұрамаған ары таза азамат. Қазақтың ақын қыздарының бірі Нәзікен Алпамысқызы:

Пір тұттың қазақ қонысын

Қаны мен тұзы төгілген.

Тағдырын толғап рухының,

Қабырғаң сыздап сөгілген,

– деп жырласа, шәкірті Шөмішбай Сариев ұстазының дара туған дарын иесі екендігін «Көркем ұлы – бір туатын ғасырдың» деген жолдармен жырға қосты.

Қазақ елінің мәдениеті мен әдебиетіне қомақты үлес қосқан ғалымның еңбек жолы ұлт тарихымен тығыз байланысты болса, қазақ ғылымының қара шаңырағы Қазақ ССР Ғылым академиясының алғашында Тіл және әдебиет, кейіннен Әдебиет және өнер институты болып жеке отау тіккен осы ғылым ордасының тарихын да М.Б.Базарбаев есімінсіз сөз ету мүмкін емес. Себебі ол аталған институттың тұңғыш директоры және М.Әуезовтің үлкен үміт артқан шәкірті. Сол жылы, дәлірек айтсақ 1961 жылы, М.Әуезов дүние салғанда ұстаз арманын іске асырып, аталған институтты аяғынан тік тұрғызған да М.Базарбаев екенін бүгінгі ұрпақ біле бермес.

Осындай сан алуан еңбектерімен бірге ол көркем аудармаға да араласып, В.Губарев пен А.Гусевтің құрастырған «Вожатый кітабын» (екінші кітап, 1953) М.Әлімбаевпен бірге тәржімалады. И.С.Тургеневтің таңдаулы төрт повесті («Первая любовь», «Вешние воды», «Ася», «Постоялый двор») «Алғашқы махаббат» деген атпен жеке кітап болып шықты (1960-1968), Аристофанның «Лисистрата» және «Фесмофорлар мейрамындағы әйелдер» комедияларын (1981), М.Ибрагимбековтың «Мезозей тарихы» пьесасын (екі көріністі, 1977) аударғаны белгілі. Оның жеке мұрағатынан осы аталғандармен бірге және бірнеше көркем аудармасы табылды.

«Жігітке жеті өнер де аз» дейді халқымыз. Жоғарыда сөз болған Мүсілім Базарбайұлының бір басынан табылған өнерлер оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болғанын байқатады. Олай болса, бүгінгі өскелең ұрпақтың да ағаларымыз тәрізді Отанын, елін, ұлтын сүйген патриот болып өсуіне кәміл сенеміз. Біз қазағы үшін қабырғасы сыздаған телегей теңіз білімді, кең маңдайлы, Толағай тектес ұлт перзенті ешқашан естен шығармаймыз.